

Юбилейные даты

Сүлейменов Маратбек Жақсыбекұлы 60 жаста



Қазақтың паразитология ғылымының білікті маманы, ветеринария ғылымының кандидаты, доцент, ЖҒА корреспондент мүшесі ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым Комитетінің «Зоология институты» РМК бас директордың ғылым жөніндегі орынбасары **Сүлейменов Маратбек Жақсыбекұлы** биыл 60 жасқа толады.

Маратбек Жақсыбекұлы 1956 жылы 21 қарашада Алматы облысы Жамбыл ауданы Қаракастек ауылында дүниеге келіп, 1979 жылы Алматы зоотехникалық – малдәрігерлік институтын, 1987 жылы Мәскеудегі академик К. И. Скрябин атындағы Бүкілодақтық ғылыми-зерттеу гельминтология институтының аспирантурасын бітірген. 2007 жылы Батыс Қазақстан «Евразия» тілдер және басқару институтын мемлекеттік басқару мамандығы бойынша бітірген. Ветеринария ғылымының кандидаты (1990 ж.); доцент (2000 ж.); ЖҒА корреспондент – мүшесі (2001 ж.); профессор (РЖА, 2014 ж.).

М. Ж. Сүлейменовтың еңбек жолы 35 жыл бойы Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринария институтында паразитология зертханасында өтгі, аға лаборант, кіші, аға ғылыми қызметкер, зертхана және бөлім меңгерушісінен, директордың ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары лауазымына дейін көтерілді. 20 жылдан аса зертхана меңгерушісі және директордың ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары болған кезде бай ғылыми тәжірибе жинап, ұйымдастырушылық қабілетін көрсете білді, ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттыруға күш жігерін жұмсады, ғылыми кадрларды дайындауда, институт ғылыми еңбектерін шығаруға, халықаралық конференциялар ұйымдастыруға және ғылымның жетістіктерін өндіріске енгізуге өз үлесін қосты. 1993 жылдан паразитология саласы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарының ғылыми жетекшісі болды, ғылыми жұмыстарды жоғары методикалық тұрғыда жүргізеді, күлделі жағдайлар болғанда табандылық көрсете біледі, ұйымдастырушылық қабілетін көрсетті, өз ісіне берілген еңбек сүйгіштігімен, табандылығымен, парасаттылығымен, ұжым алдындағы келелі мәселелерді іскерлікпен шешумен үлгі өнеге көрсете білді, өзіне биік талаптар қоя біледі.

15 шілде 2014 ж. бастап менің шақыруыммен ҚР БҒМ Ғылым Комитеті «Зоология институты» бас директордың ғылым жөніндегі орынбасары болып қызмет істейді.

Сүлейменов М. Ж. 314 ғылыми еңбекті жазып жариялады, оның ішінде 9 кітаптың (монография, сөздіктер, және оқулық), КСРО-ның 2 авторлық куәлігінің, 1 ноу-хау, Қазақстан республикасының өнертабысқа берілетін 54 алдын ала және инновациялық патентінің иегері, 35-тен аса

ғылыми ұсыныс, нұсқау және әдістемелік оқу құралының авторы, диагностикалық, емдік және алдын алу препараттарына 11 нормативтік-техникалық құжат дайындап бекіткен. Тікелей ғылыми жетекшілік етуімен 3 ғылым кандидатын дайындап диссертация қорғатып шығарған. Сүлейменов М. Ж. биология, ветеринария, паразитология саласынан жоғары санатты маман ретінде көріне білді. Ғылыми еңбектері отандық ғалымдарға ғана емес алыс шетелдерде де кеңінен танымал. Халықаралық INTAS жобасының грантымен жұмыс жасады. Шетелдік ғылыми ұйымдардың шақыруымен: Болгарияда, Қытай халық республикасында, Германияда, Түркияда және ТМД елдерінде болып ғылыми баяндамалар жасады. Ғылыми мақалалары АҚШ, Греция, Венесуэла, Қытай, Монғолия және ТМД елдерінде жарияланды. Ресейдің ауыл шаруашылық академиясы ветеринариялық паразитология үйлестіру кеңесінің ТМД мемлекеттерінен ұсынылған мүшесі, Ресейдің Халықаралық паразитология журналының редакциялық кеңесінің мүшесі. Қазақстан ғылымына сіңірген еңбегі үшін ҚазАШҒА, Ұлттық академиялық аграрлық зерттеулер орталығының, КазАгроИнновацияның Құрмет грамоталарымен, алғыс хаттарымен, Ресейдің ауыл шаруашылық ғылым академиясының медалімен, Европаның ғылыми-өндірістік консорциумы комиссиясының шешімімен А. Нобель атындағы медальмен марапатталды. Өзінің 60 жылдық мерейтойын Маратбек Жақсыбекұлы, адам өмірінің асыл кезеңі, өмірлік және шығармашылық күш жігерге толы кезінде қарсы алып отыр. Институт ұжымы оның бұл мерей тойы алдағы уақытта жүзеге асыратын үлкен істерінің бастауы деп санайды, ол әлі талай асуларды бағындырып, егемен еліміздің болашағына етер еңбегі, келешек ұрпаққа берер тәлім тәрбиесі алдағы уақытта жалғасын табады деп сенеміз.

Маратбек Жақсыбекұлын 60 жасқа толған мерейтойымен құттықтай отырып, зор денсаулық, шығармашылық табыс, баянды бақыт, қажымас қайрат, шаңырағына шаттық, отбасына бірлік, несібе дәулетінің арта беруіне ақ тілегімді білдіремін.

*Мелдебеков А.М.,
ҚР БҒМ Ғылым комитеті
«Зоология институты» РМК
бас директоры, ҰҒА академигі*